



*Қыс мезгілінің*

КАРТОТЕКАСЫ

### *№1 Қар үстіндегі іздерді бақылау*

Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу.

Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?

Көркем сөз:

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,

Үсті – басы ақ қырау түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)

Еңбек: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.

Мақсаты: қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Ақ қоян»

Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.

Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.





## ***№2 Қар ұлпаларын бақылау***

Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.

Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну.

Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.

Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.

Көркем сөз:

Жазда көлге мұз қатты,

Табанымды мұздатты.

Мұз ойылып кетті тез,

Күліп едік, біз қатты.

Қимылды ойын «Ортаға түспек»

Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.

Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.

Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану.



**№3 Қар жауып тұрған көріністі  
бақылау**

Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, - қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.

Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.

Көркем сөз:

Тазалашы мұз болған,  
Есік алды тайғанақ жата берсін.  
Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,  
Шыға беріп жалтақтай,

Ұшып түсті қалпақтай.

Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар»

Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.

Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға

#### ***№4 Қайын ағашын бақылау (қиялдау)***

Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.

Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.

Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады.

Көркем сөз

Ағаштар тұр жүдеп,  
Жапырақ сәні енеді.  
Соғады жел үдеп,  
Қыстың кеп сәлемі.

Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.

Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.

Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»

Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш»

Жұмбақ:

Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,

Қыста жақсаң, жаның рахат табады.

(Ағаш)



### *№5 Желді бақылау*

Мақсаты: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау.

Сұрақтар:

1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?

- үй мұржаларынан шыққан түтіннен

- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.

2. Қыста жел қандай болады?

Көркем сөз

Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.

Қимылды ойын: «Өткеншек»

Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.

Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. Мақсаты: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру.

Жеке жұмыс: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру.

Жорамал: қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса – күн желді болады.

### **№6 Қысқы ағаштарды бақылау**

Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.

Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.

Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.

Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.

Сұрақтар:

1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?
2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?
3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?
4. Ордың айырмашылығы қандай?

Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.

Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»

Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.

Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу.

Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.

### *№8 Күннің көзін бақылау*

Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды.

Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды.

Көркем сөз:

Батар күннің атар таңы бар.

Қимылды ойын: «Жүп болып эстафета ойының жүргізу»

Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.

Еңбек: Аққала жасау.

Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.

Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әңгіме-салаттарды құрату.

Жұмбақ; Мақал:

Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе,

Әлемге нұрын шашады. Мүз да ерір.



### *№14 Жайсыз ауа райын бақылау*

Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.

Көркем сөз:

Қыстсың кенже баласы ақпанбысың,

Аспан астың ораған ақ ықармысың.

Алай-түлей бораның, язында,

Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!

Қимылды ойын: «Үшінші артық»

Мақсаты: Шапшандыққа баулу.

Еңбек: Ауланы қардан тазалау.

Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету.

Қимылды ойын: Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу.

Жаңылпаштар:

Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....

Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?

### *№7Терезедегі өрнектерді бақылау*

Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау.

Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.

Көркем сөз:

Бір топ бала сырғанап,  
Барады әне жарысып.  
Қалды артта қыр қалып.

Қимылды ойын: «Айлакер түлкі»

Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.

Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.

Мақсаты: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.

Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.

Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады.

Жұмбақ:

Отта жанбайды

Суда батпайды. ( Мүз)



### № 9

**Бақылау:** Суық торғайды бақылау.

**Мақсаты:** Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету.

**Енбек:** Қар күреу.

**Мақсаты:** Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы

жол жасап, күректі қалай ұстау керектігін үйрету.

**Жеке жұмыс:** Торғай, торғай, тоқылдақ  
Жерден дәнді шұқып -ап  
Бөтекесі бұлтиып,  
Шиқ-шиқ етіп отырмақ.

**Мақсаты:** Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып, сөздік қорларын дамыту.

**Ойын:** «Жақсы жаман».

**Мақсаты:** Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге, жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.





## № 10

**Бақылау:** Аязды бақылау.

**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз.

Аяздан бетімізбен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.

**Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.

**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.

**Қимылдық ойын:** «Сырғанақ тебу».

**Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.

**Жеке жұмыс:** Жұмбақ.

Терезеге қонады,  
Әсем ою ояды.(Аяз).

**Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.



## № 10

Қарды бақылау.

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.

Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.

Ойлау қабілетін дамыту.

**Тақпақ:** Аппақ көше, бар дала,  
Аппақ ой мен қыраттар.  
Ақ шатырлы қар қала,  
Ақ жамылып тұр бақтар.

**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».

**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.

**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.

**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып,  
үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.

**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрату.

**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.



### № 11

**Бакылау:** Көгершінді бакылау.

**Мақсаты:** Балаларға қыстап қалған құстардың бірі –көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Еңбек:** Ауладағы құстарға жем беру.

**Мақсаты:** Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын түсіндіре отырып, оларға жем, нанның қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу.


**Жеке жұмыс:** Жылы жаққа ұшпайтын  
Біздің жақта қыстайтын  
Құстар жүрсе жуықта,  
Жем шашуды ұмытпа!

**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.

**Қимылдық ойын:** «Аққала жасау».

**Мақсаты:** Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру.





## №12

**Бақылау:** Бүгінгі ауа-райын бақылау. Айналадағы адамның қысқы еңбегі.

**Мақсаты:** Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін

түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру.

**Тақпак:** Қыстыгүні таңертең,  
Ерте оянып жас бала.  
«Қар» деп сыртқа қарайды,  
Көңіл бөлмей басқаға.

**Қимылды ойын:** «Ақ қоян».

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

**Еңбек:** Ауладағы қарды тазалау.

**Мақсаты:** Балаларды еңбекке ынтасын арттыру.

Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.


**Жеке жұмыс:** Жазда таудың басында

Қыста аяқ астында,

Балмұздақтан аумаған

Бұл не тағы расында? (Қар)

**Мақсаты:** Балаларға жұмбақ жасыра отырып,  
жылдам шешім таба білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту.



### №13

**Бақылау:** Қыстап қалатын құстарды бақылау.

**Мақсаты:** Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер» деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйрету.

**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?»

**Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.

**Еңбек:** Құстарға жем шашу.

**Мақсаты:** Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Қыс келгенде торғайым

Үй алдына қон дәйім.

Ойна, жүгір желкілде,

Тисем саған оңбаймын.

**Мақсаты:** Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениеті жетілдіру.



## № 15

**Бақылау:** Аязды күнді бақылау.

**Мақсаты:** Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру. Жұқпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін айту.

Аққу мамық ұлпа қар,  
Жамылады қырқалар.  
Шымшып аяз бетінді,  
Ширатады етінді.

**Қимылды ойын:** «Қар лақтыру».

**Мақсаты:** Балалардың ойынға ынтасын арттыру.

**Еңбек:** Ауладағы қарды жинау.

**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке баулу. Үлкендердің еңбегін бағалауға, құрметпен қарауға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Аяз туралы жұмбақ жаттату.

Қолы жоқ, сурет салады.

Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз).

**Мақсаты:** Балалардың сөйлеу әрекетін, есте сақтау, ойлау қабілетін арттыру.





### № 17

**Бақылау:** Боранды бақылау.

**Мақсаты:** Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде Болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.

**Жұмбақ:**

Қанаты жоқ ұшады,  
Аяғы жоқ желеді,  
Ауызы жоқ ұлиды. (Боран).

**Қимылдық ойын:** «Байқап қал».

**Мақсаты:** Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** «Мен сыпайы баламын».

**Мақсаты:** Айналадағы адамдарға ілтипатпен қарау.

Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол.

Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу.

**Еңбек:** «Таза жолдар».

**Мақсаты:** Ауладағы жолды қардан тазалау.

Еңбекқорлыққа баулу.



### Картотека № 18

**Бақылау:** Мұзды бақылау.

**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.

**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.

**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.

**Жеке жұмыс:** Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.

Жаңа жыл, жаңа жыл,  
Жаңа жылда-жаңа нұр.  
Жасыл шырша жанында  
Жадырап бар бала жүр.

**Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді катесіз дұрыс айтуға үйрету.

**Ойын:** «Тышқан мен мысық».

**Мақсаты:** Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.



### № 19

**Бақылау:** Торғайды бақылау.

**Мақсаты:** Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді, торғай қыстап қалатын құс, оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу.

**Еңбек:** Құстарға жем шашу.

**Мақсаты:** Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын

түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.

**Жеке жұмыс:** «Торғай» тақпағын жаттату.

Торғай, торғай тоқылдақ  
Жерден дәнді шоқып-ап,  
Бөтекесі бұлтыйып,  
Шик-шик етіп отырмақ..

**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Қимылды ойын:** «Аттамақ».

**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.





## №20

**Бақылау:** Күнді бақылау.

**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі.

Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.

**Еңбек:** «Қыс қызығы».

**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:**

Ақ сандығым ашылды,  
Ішінен жібек шашылды.(Күн)

**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.

**Қимылды ойын:** «Айгөлек».

**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.



### № 16

**Бақылау:** Шыршаны бақылау.

**Мақсаты:** Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.

Тікен-тікен тік пісте  
Қысы-жазы бір түсте.

(Шырша)

**Қимылдық ойын:** «Қуып жет».

**Мақсаты:** Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету.

**Еңбек:** Ауладағы шырша түптеріне қар үю.

**Мақсаты:** Үйілген қардың көктемде еріп, суға айналатындығын, шыршаның ылғалды жағдайда жақсы өсетіндігі туралы айтып, түсіндіру.

**Жеке жұмыс:**

Дана нұр, қала нұр.  
Құтты болсын Жаңа жыл!  
Жасыл шырша жанында,  
Билеп барлық бала жүр.

**Мақсаты:** Жаңа жыл кеші шыршасы өтпейтіні туралы түсіндіру.